

Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 96 "Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2024 жылғы 31 мамырдағы № 131 қаулысы

Атырау облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Атырау облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 96 "Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі -Басқарма) туралы ережеде:

1) 14-тармақ келесі мазмұндағы 10-1), 10-2), 10-3), 10-4), 10-5) тармақшаларымен толықтырылсын:

"10-1) елді мекендерден тыс жердегі туристік қызмет объектілеріне дейін облыстық маңызы бар кірме автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстau;

10-2) облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстau кезінде Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуін ұйымдастыру;

10-3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының жұмыстары мен қызметтер көрсетуін қаржыландыру;

10-4) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының, байланыс және электр беру арналарымен, желілерімен, мұнай құбырларымен, газ құбырларымен, су құбырларымен және теміржолдармен, басқа да инженерлік желілермен, коммуникациялармен қылышысын жобалау үшін, сондай-ақ кірме жолдарды және жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына жалғасатын жолдарды салу үшін техникалық шарттар беру;

10-5) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін ұйымдастыру және дамыту;";

2) келесі мазмұндағы Басқарма қарамағындағы ұйымдардың тізбесімен толықтырылсын:

"Басқарма қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

"Хиуаз Доспанова атындағы "Атырау халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамы"."

2. "Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындастын шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
4. Осы қаулы ол алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

C. Шәпкенов

Атырау облысы әкімдігінің
202_ жылғы " " _____
№ қаулысына қосымша
Атырау облысы әкімдігінің
2017жылғы "5" мамырдағы
№ 96 қаулысымен бекітілген

"Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. "Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Атырау облысының көлік және автомобиль жолдары салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның рәміздері мен айырым белгілері (бар болса), Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың орналасқан жері: 060005, Атырау облысы, Атырау қаласы, Ж.Молдагалиев көшесі 29а.

9. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

10. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Басқармаға көсіпкерлік субъектілерімен өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді Басқарманың орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Басқарманың мақсаттары мен өкілеттіктері

12. Мақсаттары:

- 1) автомобиль тасымалдары және автомобиль көлігі саласындағы өзге де жұмыстар мен қызметтерге экономиканың және тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасау;
- 2) автомобиль көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 3) автомобиль көлігі саласында мемлекеттің экономикалық мұдделерін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мұдделерін қорғау;
- 4) гендерлік теңдікті нығайту бойынша тиісті іс-шаралар жоспарын іске асыру;
- 5) экономика саласы ретінде автомобиль көлігінің тиімділігін арттыру.

13. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасасуға, облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылышын салу, оларды жөндеу және ұстau кезінде өзара міндеттемелердің шарттары мен сипатын айқындауға және олардың орындалуына бақылау жүргізуға;

көліктік инфрақұрылымдық дамыту бағдарламаларын іске асыру бөлігінде облыстың әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын әзірлеуге және келісуге қатысуға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті кәсіпорындар мен мекемелерден, қалалық және аудандық әкімдіктерден, облыстық ұйымдардан автомобиль жолдары, жолаушылар және жүк тасымалдары бойынша ақпарат сұратуға;

жалпы пайдаланымдағы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылышын салу, оларды қайта жаңғырту, жөндеу және күтіп ұстau кезінде нормативті талаптардың сақталуына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бақылау жүргізуға;

өз құзыреті шегінде орындалуға міндетті құқықтық актілер қабылдауға;

тиісті ұйымдардан, мемлекеттік органдардан, кәсіпорындардан және басқалардан ақпараттар мен құжаттарды сұратуға және алуға;

қолданыстағы заңнамалық актілерде және осы Ереженің функцияларында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар;

2) міндеттері:

қажет болған жағдайларда өндірістің басқа салаларының, ғылыми – зерттеу және жобалау-құрылымдау үйымдарының мамандарын сарапшылар ретінде тартуға;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол қызметін қаржыландыруға жіберілетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етуге;

коммуналдық меншіктегі облыстық маңызы бар жолдарын басқаруға;

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамаларын сақтауға;

Басқармаға жүктелген функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге;

Басқармаға келіп түскен шағымдар мен өтініштерді қарауға;

Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді орындауға.

14. Функциялары:

1) автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) облыстық маңызы бар, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп-ұстай жөніндегі жұмыстарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес үйымдастыру;

3) облыстық маңызы бар, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының желісін басқару;

4) облыстың коммуналдық меншігіндегі жолдарды және жол кәсіпорындарын басқару;

5) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау, жөндеу күтіп-ұстай жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

6) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын немесе олардың участкерін өтеусіз уақытша пайдалануға беру туралы шешім қабылдау;

7) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын сыныптау тәртібі мен шарттарын бекіту;

8) облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына белінген белдеуде, жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерлерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыруға рұқсат беру;

9) елді мекендердің көшелерін күтіп-ұстай, ағымдағы, орташа және күрделі жөндеу кезінде орындалатын жұмыстар түрлерінің сыныптамасын бекіту;

10) кірме жолдарды және жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар жолдарға жалғасатын жолдарды салуды келісу;

11) елді мекендерден тыс жердегі туристік қызмет объектілеріне дейін облыстық маңызы бар кірме автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстай;

12) облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді мекендердің көшелерін салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстай кезінде Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының жұмыстар мен материалдардың сапасына сараптама жүргізуін ұйымдастыру;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Жол активтерінің сапасы ұлттық орталығының жұмыстары мен қызметтер көрсетуін қаржыландыру;

14) жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының, байланыс және электр беру арналарымен, желілерімен, мұнай құбырларымен, газ құбырларымен, су құбырларымен және теміржолдарымен, басқа инженерлік желілермен, коммуникациялармен қылышысын жобалау үшін, сондай-ақ кірме жолдарды және жалпыға ортақ пайдаланылатын облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына жалғасатын жолдарды салу үшін техникалық шарттар беру;

15) облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарында жол бойындағы сервис объектілерін ұйымдастыру және дамыту;

16) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық, қалааралық, ауданааралық (облысішлік қалааралық) тасымалдауды ұйымдастыру, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар өткізу;

17) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданааралық (облысішлік қалааралық) тасымалдаулар маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту;

18) жолаушылар мен багажды тұрақты облысаралық, қалааралық автомобильмен тасымалдаулар маршруттарын және журу кестелерін келісу;

19) автовокзалдардың, автостанциялардың және жолаушыларға қызмет көрсету пункттерінің қызметті бастағаны немесе тоқтатқаны туралы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыру;

20) жолаушылар мен багажды тұрақты ауданааралық (облысішлік қалааралық) тасымалдаулар маршруттарын тізілімін жүргізу;

21) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлеу;

22) жолаушыларды ауданааралық (облысішлік, қалааралық) қатынастарда әлеуметтік маңызы бар тасымалдауларды жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялауды жүзеге асыру;

23) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауды жүзеге асыру;

24) халықаралық және республикаішлік қатынастарда қауіпті жүктөрді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушилерін арнайы

даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама берген жеке және заңды тұлғалардың тізілімін жүргізу;

25) аймақтың қызметі шегінде механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық байқауды өткізу кестесін келісу;

26) ауданааралық (облысішілік, қалааралық) жолаушылар қатынасын ұйымдастыру туралы шешімдерді тасымалдаушы қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, осындаш шешім қабылдау;

27) әлеуметтік маңызы бар ауданааралық (облысішілік, қалааралық) жолаушылар қатынастары (маршруттар) бойынша теміржол көлігімен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының залалдарын субсидиялау;

28) төтенше жағдайлар туындаған кезде тасымалды уақытша тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

29) ауданааралық (облысішілік, қалааралық) қатынастарды айқындау;

30) өз құзыretі шегінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

31) шағын көлемді өздігінен жүзетін кемелерді басқару құқығына куәліктер;

32) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

3. Басқарма басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

15. Басқарманы басқаруды басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

16. Басқарманың басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

17. Басқарма басшысының өкілеттіктері:

1) Басқарманың жұмысына басшылық жасайды және оған жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді;

2) мемлекеттік органдар, сот пен басқа да ұйымдарда Басқарманың мүддесін білдіреді;

3) өзінің бөлім басшылары мен Басқарма қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін анықтайды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарманың қызметкерлерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

5) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жазалар қолданады;

7) Басқармада сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған тиісті шараларды қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануы үшін дербес жауапты болады;

8) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарып, өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

Басқарма басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Басқарманың мүлкі

18. Басқарма заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарма мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

19. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

20. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату

21. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Басқарма қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

"Хиуаз Доспанова атындағы "Атырау халықаралық әуежайы" акционерлік қоғамы".